

Бекітемін
«Ұлы-Орда» бөбекжай-бақшасының ЖШС
Меңгерушісі:  Ө.А.Тәтпеннова
№1 педагогикалық кеңес шешімімен
31.08.2023 ж



«Ұлы-Орда» бөбекжай-бақшасы ЖШС

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу
жоспары негізінде «Шұғыла» мектепалды тобының
2023- 2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған
іс- әрекеттің перспективалық жоспары**

**Мектепке дейінгі ұйым (балабақша/мектепке дейінгі шағын орталық):«Ұлы-Орда»
бөбекжай-бақшасы ЖШС**

Мектепке дейінгі ұйымдағы топ:«Шұғыла» мектепалды тобы

Балалардың жасы:5-жас (айды,жылдыкөрсету) 2023ж қыркүйек

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Тақырыптар
	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою Саусақтарды айқастырып, алға- жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру Негізгі қимылдар: 1) Жүру. сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру, Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру;; Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, Лақтыру, қағып алу, домалату: қос қолмен допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру, Еңбектеу, өрмелеу. жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, Тепе-теңдікті сақтау. заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау Спорттық жаттығулар: Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу; Спорттық ойын элементтері: 1) баскетбол. Кеуде тұсынан қос қолмен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүру; Дербес қимыл белсенділігі: Құрдастарымен жарыстар ұйымдастыру, олардың ережелеріне бағыну дағдыларын қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Ертеңгілік гимнастиканы таза ауада (10- 12 минут) орындауға қызығушылықтарын ояту.	1. Жүру түрлері 2. Жүгіру түрлері 3. Қашықтыққа секіру 4. «Балабақша ауласында доппен ойнаймыз!» 5. «Ептілер сайысы» 6. «Тепе теңдік сақтаймыз!» 7. Сапқа тұру. 8. «Музыка ырғағымен қимылдаймыз!» 9. «Кім жылдам?» 10. «Мықтылар сайысы» 11. «Кедергілерден өту» 12. «Көңілді доп» сайысы.

	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б- п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту Тілдің грамматикалық құрылымы түбірлес сөздерді жасау және қолдану біліктерін, етістіктерді жалғаулармен қолдану, Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. Шығармашылық әңгімелеп беруді жетілдіру:	1. «Сикырлы сөздер» 2. «Кім көп сөз біледі?» 3. «Балабақшам өз- үйім!» 4. «Менің балабақшадағы достарым!» 5. «Дыбыстарды анық айт» 6. «Сөзден сөйлем құрайық» 7. «Ғажайып суреттер» 8. «Суреттер сөйлейді!»
	Көркем әдебиет	Оқу, әңгімелеу. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен, қисынды қайталап айтып беру Мәнерлеп оқу. Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту.. Мазмұндау. Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату; Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту. Балаларды қол жетімді көркем шығармалар мен фольклорға, театр әлеміне баулу	1. «Көкөністер мен жемістер» дауы 2. «Балабақша базарлы үй» 3. «Көкөністер мен жемістер» дауы 4. «Ойыншықтар дауы» ертегісі 5. «Берекелі күз» 6 «Таныс ертегілерді сахналайық» 7 »Ағаштар неге ашуланды?» 8 А. Құнанбаев «Күз» өлеңі 9. «Ертегі ,әңгіме, өлең»
	Сауат ашу негіздері	1. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. 2. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. 3. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету. 4. Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну.	1. «Мынау не?, ол неге керек?» 2. «Жалпы атауын ата» 3. «Кім қанша сөз біледі?» 4. «Дауысты дыбыстар» 5. «Дауыссыз дыбыстар» 6. «Сөздерді буынға бөлу» 7. «Неше буыннан тұрады?» 8. «Сөйлем құрай білесің бе?» 9. «Буындардан сөздер құрайық!» 10. «Дыбыстар елі» 11. «Ғажайып текше» 12. «Суретпен пен сөзді сәйкестендір»

	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім- кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, к, ү, ұ, і, ғ н, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Сөздік қор. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге баулу.	1. «Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту» 2. «Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту» қайталау. 3.. «Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту» қайталау 4«Кімнің ойыншығы?» 5«Сен және мен» ойыны 6.«Балабақшада кімдер жұмыс жасады?» 7. «Кімнің құралы?» 8«Кімнің құралы?» 9«Жұмбақ суреттер»
	Сенсорика/Математика негіздері	Жиын: жиындарды бөліктергебөлу және оларды қайта біріктіру Сан, санау: 10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру, Шама: Заттардың (5 және одан артық) ұзындығын, биіктігін анықтай білу Геометриялық пішіндер: Шеңбермен және тіктөртбұрышпен салыстыру арқылы сопақша пішінментаныстыру. Кеңістікті бағдарлау: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (солжақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); Уақытты бағдарлау: Әртүрлі оқиғалардың, апта күндерінің, тәулік бөліктерінің реті туралы білімді бекіту.	«Топтастыра білесің бе?» «Жиынды бөліктерге бөлу» «Көңілді паравоз» «Менің ойыншықтарымды салыстырайық» «Не ұзын ,не қысқа?» «Қайсысы биік ,қайсысы аласа?» 7. «Пішіндер елі» 8. «Кеңістікті бағдарлай білесің бе?» 9. «Не қайда орналасқан?» 10«Жыл мезгілдері» 11«Айлар» 12«Жыл мезгілдері»
	Құрастыру	Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру	«Бақша қоршауы»
	Сурет салу	тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру	«Тырналар жылы жаққа ұшуға дайындалуда»
	Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу	«Әткеншек пен сырғанақ»

	Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер қию.;	«Балабақшаны жалаушалармен безендіреміз!»
	Музыка	Музыка тыңдау: Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл- күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету. Ән айту Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту , Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау Би шығармашылығы. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету,	1. «Білімнің бұлағың» 2. «Оқу-білім азығы» 3. «Сағындым әже, сағындым» 4. «Сағындым әже, сағындым» 5. «Менің әжем ең жақсы адам» 6. «Бақа – бақа балпақ» 7. «Табиғат көрінісі» 8. «Ана тілім!» 9. «Көңілді ноталар»
	Қоршаған ортамен таныстыру	Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары: «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр);; Өсімдіктер әлемі: Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, ш кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Жануарлар әлемі: Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету Заттық әлем: Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Еңбекке баулу. Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілік құндылықтарға,	1.«Өлі және тірі табиғат» 2.«Қай дыбысты естіп тұрсың?» 3.«Өлі және тірі табиғат» 4. «Балабақша ауласындағы ағаштар» 5.«Үй жануарлары мен төлдерінің күзгі тіршілігі» 6.«Мен балабақшаға барамын!» 7.«Неден жасалған?» 8.«Балабақшада кімдер жұмыс жасайды?» 9.«Неден жасалған?»

		өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға. Жол қозғалысы ережелері. Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, өпті өсімдіктер) туралы түсініктерін сиквейге арналған жол) білу	
--	--	---	--

Қазан айы Мектеп алды топ

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Тақырыптар
Қазан айы	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру. Негізгі қимылдар: Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру; скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір- бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру Еңбектеу, өрмелеу: жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 метр) қос аяқпен секіру; Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, Бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру. Кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); Екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; 12. Допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау Спорттық жаттығулар: Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. Спорттық ойын элементтері: Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Дербес қимыл белсенділігі: Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту:	1. "Кішкентай доптар". 2. "Достарыңа көмектес" пысықтау. 3."Достарыңа көмектес" пысықтау. 4«Көпірден өту» 5. "Аңдарды оятып алмайық!" 6. "«Нан алуға барамыз!»". 7. "Пәрменмен секірейік". 8. "Үйлесімділікті сақтаймыз". 9. "Басына қапшық қойып, бір жақ жанымен жүру". 10. "Добым, ұшты» 11. «Құстарды үркітіп алмайық!» 12. "Жүргізуші».

	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз бп, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуға үйрету. Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын тұрмыстық заттарды білдіретін зат есімдермен, заттардың қасиеттері мен сапасын сипаттайтын сын есімдермен, адамдардың қарым-қатынасын, олардың еңбекке қатынасын білдіретін үстеулермен байыту. Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдердегі сөздерді: зат есімдерді сан есімдермен және сын есімдерді зат есімдермен үйлестіре білуді жетілдіру. Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру. Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті: ығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару	«Жомарт күз» «Ескендір бұзау іздеуде» «Үстел үстінде не тұр?» «Мен көмекшімін» «Ізгі сөздер» «Ғарышкер болу үшін қандай болу керек?» «Үй құстары, дала құстары» «Сауысқан мен көкек» ертегісі. "Көлік түрлері" пысықтау
	Көркем әдебиет	Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау. Балалардың назарын кітаптың безендірілуіне, иллюстрацияларына аудару..	1. «Күзгі табиғат» 2. «Мысық пен ит адамға қалай дос болды?» 3. «Маған таныс ертегілер». 4. Күләш Ахметова «Алтын дән» (өлең). 5. А. Сарбөпин «Бір қап бидай». 6. А. Сарбөпин «Бір қап бидай». 7. «Орман8. «Орман дәрігері» ертегісі. 9. "«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісі" дәрігері» ертегісі.
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал- мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ұ, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру Сөздік қор. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге баулу.	1.«Мың бір мақал,жүз бір жұмбақ» 2. "Жыл мезгілдері. Алтын күз". 3."Күз сыйлары". 4. "Ұ, Ү дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері)." 5. "Біз дән егеміз". Үн өнімдері. Ыдыс. 6. "Ы, І дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріп негіздері)." "Жыл құстары. Ханс Кристиан Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек»

			ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. Үй құстары." "Дауыссыз дыбыстар. Қатаң және ұяң дауыссыз дыбыстар. Жұп құруға қабілетті дауыссыз дыбыстар. Қ-К дыбыстары (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері).тері (атау, жазу
	Сауат ашу негіздері	Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.	«Алма-пайдалы жеміс» 2. «Терек ағашы» 3. Терек ағашы» 4. «Пияз пайдалы-көкөніс» 5. Піл –алып аң". 6«Нан дастархан-байлығы» 7. «Нан –дастархан-байлығы» 8. «Ғарыш әлемі» 9. «Ғарыш әлемі» 10. «Құстар түрлері» 11. «Лашын деген құс бар» 12. Буынға бөлейік.
	Математика негіздері	Жиын: бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату Сан, санау: Көрнекілік арқылы 6,7 сандарының пайда болуымен таныстыру Шама: заттарды шамасына қарай өсу және кему ретімен орналастыру. Геометриялық фигуралар: Геометриялық фигуралар (дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) мен денелерді (шар, текше, цилиндр) дұрыс атап, оларды ажырата білуге жаттықтыру Кеңістікті бағдарлау: қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа Уақытты бағдарлау: Айлар, жыл мезгілдері туралы күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар). түсініктерді қалыптастыру,	1. ""Ағаштарды кім санапты? 2. ""Ағаштарды кім санапты?" пысықтау. 3. "Қанша салсаң, сонша жинайсың". 4«Үлкен-кіші жемістер мен көкөністер» 5«Үлкен-кіші аңдар» 6. "Нанның артығы болмайды". 7. "Нан тағамдарының сөресі". 8. «Ғарыш кемесі» 9. «Неше бөліктен тұрады?» 10. "Құстар жылы жаққа ұшуға дайындалуда". 11. "Қысқа қашаннан бастап дайындалу керек?" 12 Дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш».
	Құрастыру	Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.	Құстарға үйшік жасайық» ".

	Жапсыру	Қайшы мен желімді дұрыс қолдану дағдыларын жетілдіру, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.	Пияз»
	Сурет салу	Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).	."Күзгі жапырақтар" "Ұшатын кілем".
	Мүсіндеу	Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.	"Нан - дастарқан байлығы".
	Музыка	Музыка тыңдау: . Балаларды шығармалардың эмоционалды мазмұнын, олардың сипатын, көңіл-күйін, динамикалық ерекшеліктерін ажырата білуге үйрету Ән айту: . Ән айту дағдыларын қалыптастыру, бірінші октаваның «ре», екінші октаваның «до» диапазонда жеңіл дауыспен ән айту. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып, жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер: Музыкаға сәйкес орындалатын би қимылдарын білу; би қимылдарының элементтерін жеңіл, еркін орындау; қозғалыс бағытын музыкалық фразаларға сәйкес өзгерту. Би шығармашылығы: Таныс би қимылдарын қолдана отырып, музыканың сипатына сәйкес ойдан би қимылдарын шығару Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Балалар музыкалық аспаптарында қарапайым, таныс әуендерді жеке және шағын топпен орындауға үйрету	1 «Әңгелек» 2 «Кел ән шырқайық» 3 «Күз қазан» 4 «Менің балапандарым қайда?» 5 «Бауырсақ» 6 «Күй тыңдайық балақай!» 7 «Көкек»
	Қоршаған ортамен танысу	Бала, оның отбасы, үйі: Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау: Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Көлік, байланыс құралдары: Арнайы көлік құралдарының түрлерімен таныстыру. Еңбекке баулу: Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау. Менің -Отаным Қазақстан. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер туралы түсінік беру. Жолда жүру ережелері: Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау.	«1. "Себет толы көкөніс пен жеміс". 2. "Қияр қалай өсіп шығады?". 3. "Күз мезгіліндегі маусымдық өзгерістер". 4. "Нан - адамның күш-қуаты". 5 "Нан - адамның күш-қуаты". 6 "Үй жануарларының төлдері (күшік)". 7. "Жыл құстарының ұшу бағыттары". 8. "Құс ұясын бұзбайық!".

		Табиғатпен таныстыру: Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіну. Өсімдіктер әлемі: Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру. Жануарлар әлемі: Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп- баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, Адамгершілікке баулу: Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс- әрекеттері мен басқа адамдардың іс- әрекеттерін бағалай білуге баулу.	«Комбайн»
--	--	---	-----------

Қараша айы мектеп алды тобы

Айы	Ұйымдастырылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Тақырыптар
Қараша айы	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір- біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Гимнастикалық қабырғаға арқасымен сүйеніп тұрып, белінің деңгейіндегі рейкадан ұстап, аяқты кезектестіре бұғу және тік көтеру . .Негізгі қимылдар: 1. Жүру: қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; 2. Тепе-теңдікті сақтау: арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру 3. Жүгіру: кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 минут тоқтамай жүгіру; 4. Еңбектеу, өрмелеу: еңбектеу (арақашықтығы допты басымен итеріп, төрттағандап 3-4 метр);; 5. Секіру: қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 метр), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 метр), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); 6. Допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу 7. Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру, 8. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай гимнастикалық скамейка бойымен жүру 9. Жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;. 10. Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып,	1. "5 метр қашықтықтан тік нысанаға таяқ лақтыру". 2. "Мергендікті шыңдайық". 3."Түрлі нысандарды көздеп түсіру". 4. "Алға жылжи отырып бір аяқпен секіру" 5. "Бір аяқпен кезек-кезек секіру". 6. "Бір аяқпен кезек-кезек секіру" пысықтау. 7. "Биіктігі 60 см кедергі заттар арқылы өрмелеп өту". 8. "Арақашықтық ты сақтаймыз". 9."Қаппен қалай секіреді?". 10. "Хоп-фитболдармен секіру". 11. "Хоп-фитболдармен секіру". 12. «Кім жылдам?» 13 «Етпетімен өрмелеу» 14. «Шашырап жүгіру»

		иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу 11. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), 12. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау Спорттық жаттығулар: Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. Спорттық ойын элементтері: Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір- біріне лақтыру. Дербес қимыл белсенділігі: Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту. Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүртіну. Осы шараларды жүргізудің және	
--	--	--	--

		жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.	
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау(басы, ортасы, соңы). Артикуляциялық жаттығулар жасау. Сөздік қор. Сөйлегенде көп мағыналы сөздерді, синонимдер мен антонимдерді қолдану. Тілдің грамматикалық құрылымы. Түбірлес сөздерді жасау және қолдана білу, етістіктерді жалғаулармен қолдану. Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру. әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Шығармашылықпен әңгімелеп беруді жетілдіру: ересектердің көмегімен әңгіменің жалғасын және соңын ойдан шығару, бақылаулар мен суреттер бойынша сипаттау және хабарлау әңгімелерін құрастыру	1. "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі". 2. "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі" пысықтау. 3. "Аңдардың қысқа дайындығы". 4 "Аңдардың қысқа дайындығы" пысықтау. 5. "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі" .6. "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі". 7. Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі 8. "Кел, жаттайық. Ә. Асылбеков. «Әдептілік әліппесі" пысықтау. 9. «Жай ғана әжей» әңгімесі
	Көркем әдебиет	Кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру Өлеңді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Шешендікке, сөз өнеріне баулу, санамақ, жаңылтпаш айту, жұмбақ шешу, айтыс өнеріне баулу.	1«Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісіндегі аңдар" пысықтау. 1. "«Қоянның үйшігі» орыс халық ертегісі қойылымын қарау". 2. "«Қоянның үйшігі» орыс

			халық ертегісі қойылымын қарау" пысықтау. 3. "Күн астындағы Күнекей қыз". 4. "Күн астындағы Күнекей қыз" пысықтау. 6" А Құнанбаев «Күз»өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу". 7А Құнанбаев «Күз»өлеңін жаттау. Мазмұны бойынша әңгімелеу". 7. ."Қ. Толыбаев «Кімнің тоны жылы?» (мазмұны бойынша әңгімелеу)"
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы). Сөздік қор. аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау, қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру Тілдің грамматикалық құрылымы Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді үйрету. Байланыстырып сөйлеу. Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге баулу.	1 «Орман жануарлары» . 2. Т-Д дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әріптері (атау, жазу негіздері). 3. "Оқтауы бар түлкі" ертегісін әңгімелеу. 4. Ш-Ж дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). 5. Қысқы табиғат құбылыстары. Балалар қысты қарсы алады. 6. С-З дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). 7. С-З дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). 8 .Қазақстанның қазба байлықтары

	Сауат ашу негіздері	Өртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету	- Дыбыстық талдау. - Дыбыстық талдау. - Дыбыстық талдау. - Дыбыстық талдау. - Дыбыстық талдау. - Дыбыстық талдау. - Дыбыстық талдау. - Дыбыстық талдау. «Үілдейді суық-жел» «Үілдейді суық-жел» «Түрлі-түсті шарлар» «Ұлттық киім-шапан» «Шай құятын ыдыс-пиала» «Жай ғана әжей» әңгімесі
	Математика негіздері	Жиын: жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, Сан, санау: Көрнекілік арқылы 8,9 сандарының пайда болуымен таныстыру Шама: Шамасы бойынша заттардың арасындағы қатынастарды білдіретін математикалық терминдерді қолдану Геометриялық фигуралар: қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау. Кеңістікті бағдарлау: Сөйлеуде белгілі бір заттың өзіне немесе басқа затқа қатысты орнын көрсете білуге үйрету Уақытты бағдарлау: Айлардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.	«Дөңгелек және сопақша». - Хайуанаттар бағындағы аңдарды көрдің бе?. - Шар, текше, цилиндр. - Таңертең, күндіз, кеш, түн. " Неше аң көріп тұрсың?". - Кеше, бүгін, ертең. - Апта күндері. - Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?. - Жыл мезгілдерін ажырата білесің бе?. - Қазақстан жерінің сансыз құндылықтары - Қазақстан жерінің сансыз құндылықтары «Киімдер жиыны» «Артық » «Кем »
	Құрастыру	Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.	"Чунга-Чанга аралынан пошта келді".

	Жапсыру	Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу. Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.	"«Қоянның үйшігі»
	Сурет салу	Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу. Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен) қолдану	«Қыстық киімдер»
	Мүсіндеу	Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.	. "" Күн".
	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығармаға көзқарасын білдіру, оның сипаты, мазмұны туралы айту. Ән айту: ән айтар алдында, музыкалық фразалар арасында тыныс алу, әннің сөздерін анық айту, орташа, қатты және ақырын дауыспен ән айту.. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: марш сипатын анық ырғақты жүрумен; музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру, жүрелеп отыру арқылы бере білу. Билер: Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Би шығармашылығы: мәтінге сәйкес әнді сахналау; шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра,	1 «Күзгі вальс» 2 «Ән салайық» 3 «Ұшағым» 4 «Ән салған кім?» 5 «Құлан» 6 «Музыкалық сағат» 7 «Ертегілер әлемі» 8 «Ертегі желісін жалғастыр» 9 «Көкектің әні» Желтоқсан

		металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру	
	Қоршаған ортамен танысу	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табыстыболуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау: Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетіншеанықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Көлік, байланыс құралдары: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидардың қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу: Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Адамгершілік және патриоттық тәрбие Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға үйрету. Жолда жүру ережелері: Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердіңқозғалыс	1. . "Аңдар неге ұйқыға кетеді". 2. "Табиғат ғажайыптары". 3. Тақырыбы: "Түлкі" 4. "Желдің күші". 5. "Қыстың сыры". 6 " Бұлт қалай пайда болады?". 7. «Жаңбырдан қорғану» 8.«Сен өскенде кім боласың?» 10 9"Қысқы құбылыстардың сыры".

		ережелерін сақтау. Табиғатпен таныстыру: Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі)арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату Өсімдіктер әлемі: Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу Жануарлар әлемі: Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлықбайланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді, жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу, Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау керектігін түсіну. Қоғамдық орындарда мінез-құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналы түрде орындауға баулуды жалғастыру Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).	
--	--	--	--

Желтоқсан айы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Тақырыптар
Желтоқсан айы	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу Негізгі қимылдар: 1. Жүру: заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру; 2. Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу. 3. Жүгіру: белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 метр) жүгіру 4. Еңбектеу, өрмелеу :бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту 5. Секіру: алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру); 6. допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 метр) басынан асыра лақтыру 7. сапқа бір, екі, үш қатармен тұру 8. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай гимнастикалық скамейка бойымен жүру 9. Жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру;. 10. Гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып, иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу 11. Бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру	1. "Хоп-фитболдармен секіру" 2. "Хоп-фитболдармен секіру" 3. Арқаннан тез қарғу 4. Орнынан қос аяқтап қарғып, секіру. 5. Бағытты өзгертіп жүру 6. Арқаннан тез қарғу 7. Орнынан қос аяқтап қарғып, секіру. 8. Биікке секіріп шығуды пысықтау 9.5 метр қашықтықтан допты жерге соғу 10. «Ырғаққа қарай қимылда» 11. «Жылдамдыққа жүгіру» 12. «Ұзын-қысқа секіргіштен секіру»

		(арақашықтықтығы 40 сантиметр), 12. 2–2,5 метр арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Спорттық жаттығулар: Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу. Спорттық ойын элементтері: Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу. Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу. . Дербес қимыл белсенділігі: ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. Салауатты өмір салтын қалыптастыру Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру. Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол-аяғын жуу, тістерін мұқият тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл сүлгімен сүрту. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.	
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Ана тіліндегі дауысты және айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз б-п, г-ғ, к-қ, ж-ш, з-с, н-ң, р-л дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету.	1. "Қысқы баспана» ертегі 2. «Суреттен не көріп тұрсың?» 3. "Қазақстан жалауы"

		.Сөздік қор. зат сімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдана білуді дамыту.Балаларға сөздерді мағынасына сәйкес қолдануға көмектесу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып,сөйлегенде қолдана білуді дамыту Байланыстырып сөйлеу. Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру, сөйлегенде бейнелі сөздерді, эпитеттерді, салыстыруларды қолдану.	4. "Қазақстан жалауы" пысықтау 5. «Жаңа жыл мерекесі» 6. «Кімге қандай киімдер ұнайды?» 7. "Мысық - менің сүйікті досым!»"
	Көркем әдебиет	Сахналық қойылымдарға қатысуға баулу, онда рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытуға ынталандыру, белгілі образды сомдауда эксперимент жасауға, түрлендіруге мүмкіндік беру.	1"Қ. Толыбаев «Кімнің тоны жылы?» (мазмұны бойынша әңгімелеу)" пысықтау 2. Кірпі қасқырды көрсе неге жиырылады?» 3 «Жер - Ана»ертегісі 4. «Туған жердің қадірі» ертегісі 5«Қолғап» ертегісі 6. «Қолғап» ертегісі (сахналау) 7 Қар ханшайымы» Г. Х .Андерсон ертегісі 8. Қар ханшайымы» Г. Х .Андерсон ертегісі Пысықтау 9 «Екі аяз» ертегісі
	Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияныдамыту Сөздік қор. Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу	1.Қазақстанның қазба байлықтары-көмір. 2 Қазақстанның қазба байлықтары-көмір. 3..ж-ш дыбысы (артикуляциясы, тіл ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). 4 Ф-В дыбысы (артикуляциясы, тіл

		Тілдің грамматикалық құрылымы Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.. Байланыстырып сөйлеу. суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға баулу.	ұстарту, сөздердегі дыбыстардың орнын табу) мен әрпі (атау, жазу негіздері). 5. Киім түрлері. 6. Киім түрлері. Жаңа жылға дайындық. 7 "Алдар Көсенің сиқырлы шапаны" ертегісінің желісі бойынша әңгімелеу. 8. «Қыс мезгілі, аяз, боран туралы жұмбақтар»
	Сауат ашу негіздері	Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру. Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау. Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету	1. «Кірпі» 2. «Көк туымыз желбіреп!» 3. Дыбыстық талдау жасау 4. «Буындардан сөздер құрау» 5. «Буынға бөлейік» 6 «Туымыздағы ою» 7. «Қыстық киімдер» 8. «Қағаздан сыйлық жасайық» 9. «Сызықтар сызамыз» 10. «Дулыға – батырлар бас киімі» 11 «Досымның сыйлықтары»
	Математика негіздері	Жиын: жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру Сан, санау: Көрнекілік арқылы 10 санының пайда болуымен таныстыру Шама: Заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету Геометриялық фигуралар Пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы ұғымдарды дамыту, қағаз парағын тең және тең емес	1. «Кірпиде неше саңырауқұлақ бар?» 2. Туған жеріміз - Қазақстан! 3. "Туған жеріміз - Қазақстан! 4 «Қыс айлары» 5. «Қар қай жерлерде?» 6. «Әр елдің

		бөліктерге бөлу Кеңістікті бағдарлау: Кеңістік туралы түсініктерді бекіту: заттарды кеңістікте орналастыру (сол жақта, оң жақта, жоғарыда, төменде); қозғалыс бағыттары: сол жақтан оң жаққа, оң жақтан сол жаққа, жоғарыдан төменге, алға, артқа. Уақытты бағдарлау: Айлардың ретін білу және атау, циферблат бойынша уақытты анықтау.	тулары» 7. Сыйлықтарды қалай үлестіреді? 8 Жаңа жыл қарсанында.. 9. "Жаңа жыл қарсанында" пысықтау 10. «Бас киім жасайық!». 11. "Сыйлықтар әзірлейік" пысықтау 12. «Ертегі кейіпкерлер тізбегі»
	Құрастыру	Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.	1. "Қар ханшайым ының бас киімі»
	Жапсыру	Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру	1. "Үшбұрыштан шыршаны жапсырамыз
	Сурет салу	Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).	«Кірпінің саңырауқұлағы»
	Мүсіндеу	туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншак, дән) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді ескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.	1 «Жаңа жылдық сыйлық»
	Музыка	Музыка тыңдау: Музыкалық шығармалардың жанрларын ажыратуға (ән, күй, марш, би) үйрету. Ән айту: Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту	1 Желтоқсан 2 «Желдің әнімен тербелейік» 3 «Желдің әнімен тербелейік» 4 «Отаным» 5 «Көк тудың

		дағдыларын дамыту.. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: Би қимылдарын: қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгеру. . Билер: қазақтың халықтық би өнері ерте заманнан қалыптасқандығын, ол халқымыздың аса бай ауыз әдебиетімен, ән- күйлерімен, дәстүрлі тұрмыс салтымен біте қайнасып келе жатқан ел мұрасы екенін, би өнері өзінің эстетикалық болмысында қазақ жұртының жалпы дүниетанымына сай арман-мұраттарын бейнелейтін қимылдар жүйесін құрайтынын түсіндіру, балаларға «Қаражорға» биін билету. Би шығармашылығы: шығармашылық тапсырмаларды орындауға ынталандыру. . Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: Музыкалық (дауылпаз, асатаяқ, сазсырнай, тұяқтас, қоңырау, сыбызғы, домбыра, металлофон, ксилофон, бубен, барабан, маракас, румба) және шулы аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру	желбірегені» 6 «Келді міне жаңа жыл» 7«Жаңа жыл келді» 8«Аяз Ата» 9«Щелкунчик»бал еті
	Қоршаған ортамен танысу	Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау: Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркінбағдарлай білу Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетіншеанықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау. Көлік, байланыс құралдары: Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың	1. «Шахтерлерді құрметтеу» 2. Менің Отаным- Қазақстан. 3.Еліміздің рәміздері 4. «Қыстық киімдер неден жасалған?» 5. Шырша неге жасыл? 6«Ұлттық қыстық киімдер» 7. ««Мүз сүңгілері»

		жабдықталуын түсіну, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау. Еңбекке баулу: Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.. Адамгершілік және патриоттық тәрбие Қазақстан мемлекетінің рәміздеріне құрмет көрсету. Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік және халықтық мерекелер, еліміздің рәміздері, оның маңызы туралы білімдерін кеңейту. Қазақстан РеспубликасыныңПрезиденті, оның халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну Жолда жүру ережелері: «Балалар»,«Трамвай «Велосипедке арналған жол (электросамокат , гироскутер, белгілерімен таныстыруды жалғастыру. Табиғатпен таныстыру: «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел,жаңбыр); Өсімдіктер әлемі: Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту. Жануарлар әлемі: Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алан); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу) топтастыру. Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екенін және оны қорғау керектігін түсіну. Қоғамдық орындарда мінез-	
--	--	--	--

		құлық ережелері туралы; үйдегі, балабақша тобындағы міндеттері туралы түсініктерін кеңейту Балаларды жалпы қабылданған нормалар мен ережелерді саналытүрде орындауға баулуды жалғастыру Қоршаған ортада, табиғатта тәртіп ережелерін білу; өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау Мобильді құрылғыларды қолдану кезінде қарапайым қауіпсіздік ережелерін білу (күніне ата-аналардың рұқсатымен 30 минуттан артық емес мобильді құрылғыларды қолдану).	
--	--	---	--

Қаңтар айы мектеп пldды тобы

Айы	Ұйымдастыр ылған іс- әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері	Тақырыптар
Қаңтар айы	Дене шынықтыру	Жалпы дамытушы жаттығулар: Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою .Негізгі қимылдар: 1. Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру 2. Тепе-теңдікті сақтау заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру 3. Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; 4. Еңбектеу, өрмелеу : жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, 5. Секіру: бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылысекіру 6. допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру жәнеекі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; 7. сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру 8. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу. 9. . Жүру: сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру 10.. Тепе-теңдікті сақтау: заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру 11 Жүгіру: шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; 12. Еңбектеу, өрмелеу : жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: . Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау Спорттық жаттығулар: Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен	1. «Сапта екеуден жүреміз» 2. «Заттардан аттап жүреміз» 3. «Шашырап жүгіру» 4. «Төрттағандап еңбектеу» 5. «бір орында тұрып, алға қарай 3–4 метр қашықтыққа жылжу арқылы секіру» 6«Бір-бірінің жанына сапқа тұру» 7«Кім жылдам?» эстафеталық ойыны 8«Сапта үшеуден жүреміз» 9«Қосалқы қадаммен жүреміз» 10«Тізені көтеріп жүреміз» 11«Допты жоғары лақтыру,қағып алу» 12.«Аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру» 13.«Текшелерден аттап жүру»

